

Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану контексінде» [7], 2010 жылы – А.Ойсылбай «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері» кандидаттық диссертациялар қорғалып, нәтижесінде ғылыми негізде тұжырымдалған ой-танымдар мен соны ұсыныстар әдебиеттануға жаңа арна болып қосылды [8].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні тұлғаның есімі оралғаннан бері әдеби мұрасы туралы бірнеше зерттеу жазылды. Және зерттеулердің қай-қайсысы болмасын, тұлғаның қайраткерлік болмысы мен шығармашылық мұрасын жекелеген тақырып аясында талдау, не жалпылама түрде шолу жасаумен шектеліп қана қоймай, бүгінгі тәуелсіз кезеңдегі әдебиетпен, не мәдениетпен байланыстыра қарастырады. Бұл дегеніміз ғалым ғибратының ұрпақтан ұрпаққа жалғасты алтын көпір екендігінің дәлелі

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Көзқарас (Талдаулар мен толғаныстар). – Алматы: Рауан, 1996.-256 б., Б.70–80.
2. Қабдолов З. Ахаң ана тілін түрлеуші // Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. – Астана: 1998-256 б., Б.38-41.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, Күлтегін, 2002.-528 б., Б.12–35.
- 25.Ісімақова А. Әдебиеттегі Бахтин мен Байтұрсынұлының үндестігі // Заман Қазақстан, 7 ақпан 1997.
4. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992.-264 б.; Кер заманның кереғар ойлары. – Алматы: Атамұра, 1995.-168 б.
5. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.-432 б.
6. Кононов А. Байтұрсунов Ахмед Байтұрсунович // Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (дооктябрьский период). – Москва: Наука, 1974.-342 с., С.115.
7. Еркінбаев Ұ. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану контексінде. Автореферат. – Алматы, 2007.-26 б.; «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. Монография. – Алматы, 2008.-136 б.
8. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. Автореферат. – Алматы, 2010.-26 б.

НАҚЫЛ СӨЗДЕР ЖӨНІНДЕ

*Әділова А.С., фил.ғ. д.,
Хасенов Б.Р., PhD
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Қазіргі жазу, бұқаралық ақпарат құралдарының, технологияның сан алуан типі кеңінен тараған әрі толассыз дамып жатқан заманда функционалды стильдердің шығармашылық түрлерінде, әр қилы дискурста жиі қолданылатын тілдік бірліктердің бірі – нақыл сөздер, афоризмдер.

А.Байтұрсынұлының мұрасы жан-жақты зерттеліп, көптеген ғылыми жұмыстарда қарастырылып жүргені мәлім. Бұл орайда ұлт ұстазының еңбегі мен шығармашылығына байланысты еліміз бен әлемнің әр жерінде өткізіліп жатқан түрлі деңгейдегі конференциялар материалдары да Ахметтануға қосқан үлкен үлес екені де сөзсіз.

А.Байтұрсынұлының еңбектерінде кездесетін нақыл сөздер де ғалымдар назарында. Ғалым, Евразия ұлттық университетінің профессоры С.Б. Жұмағұл А. Байтұрсынұлының

нақыл сөздерін «Алаш афоризмдері» сериясымен шығарды; зерттеуші А.Әмірбекова «А.Байтұрсынұлының саяси-дипломатиялық афоризмдері» деген тақырыпта мақала жариялады; Республикалық «Тіл-қазына» орталығы атақты қоғам және ғылым қайраткерінің нақыл сөздерін насихаттау мақсатында оларды жатқа айту бойынша челлендж өткізді.

Ауызекі сөйлеу, ресми, ғылым, публицистикалық, көркем әдебиеті стильдеріне қатысты 21 миллион мәтін жинақталған Қазақ тілінің ұлттық корпусында [1] іздеу барысында афоризм сөзі 89, нақыл лексемасы 637, сентенция лексемасы 5 рет кездесетінін байқауға болады. Бұл тілдік бірліктердің ауызекі сөйлеу тілінде, БАҚ материалдарында, көркем мәтіндерде үнемі қолданылу мақсаты – ойды қысқа, әсерлі, астарлы, бейнелі жеткізу. А. Байтұрсынұлының аталған корпусының ұраны ретінде алынған сөзі де – осы бірліктер қатарынан.

Қазақ лингвомәдени кеңістігінде жарыса қолданылып жүрген аталған терминдердің қандай ерекшелігі бар екенін нақтылап көрейік.

Корпуста келтірілген афоризм, нақыл сөздері зерттеу жұмыстарынан, түрлі деңгейдегі оқулықтардан алынған. Бұл сөздерге берілген анықтамалардың бәрі афоризм, нақыл сөздердің қысқа, әсерлі, мақал-мәтелге ұқсас, күрделі мәселелерден жалшыға ортақ түйін жасайтын, пайдалы ойға жетелейтін, авторы бар, қолдануға даяр, кеңінен таралған мәтін, мәтін фрагменті екенін көрсетеді, яғни бұл тілдік бірліктердің тек тақырыптық, құрылымдық, көлемдік, сөз бояуына қатысты белгілері ғана сипатталады [1]. Кейбір пікірі күмән тудырса да, минскілік лингвист Е.Е. Ивановтың [2], сондай-ақ қазақстандық зерттеуші М.Д.Абласанованың [3] еңбектерінде олардың бірнеше сөздіктегі анықтамалары салыстырылып, бұл ұғымдардың *нақты* тілдік релевантты белгілері әлі де дәл көрсетілмегені беларус, поляк, орыс, ағылшын тілдерінің материалдары негізінде дәлелденеді.

«Энциклопедиялық әдеби сөздікте» афоризмдерге фольклорда мақал-мәтелдер, ал көркем әдебиетте (жазба әдебиетте) гнома, сентенция, апофтегма, максима секілді нақыл сөздер жататыны атап көрсетіледі әрі афоризм жеке жанр ретінде белгілі болғаны да ескертіледі (Ларошфуко, Паскаль, Прутков) [4:43].

Афоризм (грекше *aphorismos* – қысқа нақыл) – «белгілі бір автордың ықшам, ұшталған түрде берілген және дәлдігімен, әсерлілігімен, пайымдауының тосындығымен ерекшеленетін, жалпыланып, жинақталған ойы» [5:97, 2 т.]. Олар адам санасына өзінің айрықша формасымен әсер етеді әрі оның негізгі мағынасы ойлану нәтижесінде ғана аңғарылады.

Афоризм қаламгердің өз басынан өткерген, алайда дәлелдеуді қажет етпейтін шындықты рухани қорытып шығаруы нәтижесінде пайда болады. Ол, әдетте, көп мағыналы болып, өмір қайшылықтарының өткіншіліктеріне негізделеді. Афоризм – белгілі бір жүйемен, арнайы ойлану, сөз екшеу, үнемдеу үдерісіне ұшырайтын ерекше формалы – ықшам, өткір, бейнелі – тұтас, бөлшектеуге келмейтін туынды, көбіне параллелизм, антитеза, қайталауларға құрылып, ашық немесе бұйрық райда айтылады.

Зерттеу әдебиеттерінде көрсетілгендей, афоризмнің дидактикалық мәні көбірек болса, ол максима деп аталады. Қатаң жанрлық қағида-канондарға бағынбайтын, қоғам, адам өміріндегі жағдайларға, ірі тарихи, саяси қайраткерлердің, зиялы қауымның, діни қызметшілердің іс-әрекеті, шығармашылық шеберлігіне қатысты жекелеген авторлардың өз көзқарас-пікірін, таным-түйсігін еркін, әсерлі жеткізген, кең тарихи-қоғамдық контексте үлкен толғаныспен жазылған максима адамның өзіне, өзгеге қояр талабын, ұстанатын логикалық және этикалық қағида-тарихын белгілейді (Шүбәлану арқылы шындыққа жет - Ларошфуко), адамдардың бірнеше ұрпағының тәжірибесі ретінде әр адам үшін өмірлік ережеге айналар тұжырым бола алады. Бұл ұғым «өмірдің барлық жақтарын қамтып көрсететін нақыл» деп түсініледі, яғни афористік мәнермен қысқа, әсерлі жазуды өзіндік қолтаңбасына айналдырған, афористикалық жанрда жазған қаламгерлердің туындысы деп қабылданады. Максималар әрі философиялық, әрі өнер туындысы

болғандықтан, жеке мәтін ретінде қарастырылады. Әлемдік әдебиетте афористиканы жеке жанр ретінде дамытқан Ларошфуконың (1613-1680), Лабрюйердің (1645-1696), Паскальдің (1623-1662) максималары философиялық ойдың сарқылмас қазынасы деп есептеледі. Бұл максималардың көлемі әр алуан болып келеді: қарама-қарсылыққа құрылған ықшам жай сөйлемнен бастап, құрмалас сөйлем, күрделі синтаксистік бірлік түріндегі тұжырым-пікірлерді де кездестіруге болады, яғни нақыл сөзге қойылатын ықшамдық, көркемдік, әсерлілік сияқты талаптар үнемі сақтала бермейді.

Сентенция - афоризмнің бір түрі, авторы анық көрсетілмеген афоризм, яғни белгілі бір әдеби контекстен үзіп алуға келетін, ықшамдығымен, әсерлілігімен әрі интеллектуалдық, әрі эстетикалық талапқа сай келетін, көбіне философиялық, дидактикалық поэзияда ұшырасатын, көптің көңіліне ұялағандай қысқа құрылған нақыл сөз. Мұндағы тұжырым, негізінде, қарсы пікір тудырмастай, терең мәнді, артық-кемі жоқ, «жеті өлшенген» мазмұнды болып, көбіне ашық немесе бұйрық райда айтылып (*Жақсы шықса, жаман құлар; Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды; Өзгеге емес, өзіңе өкпеле;*), параллелизм (*Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегі қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды*), антитеза (*Жаман іс әркімнің қолынан келеді, жақсы істің қолдан келуі қиын*), қайталамаларға (*Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жән зой; Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы*) құрылады. Сентенция философиялық мазмұны басым болса, гнома; дидактикалық мәні көбірек болса, максима; нақты бір жағдайда ойды айқындау не әсерлеу үшін айтылса, апофтегма немесе хрия деп аталады. Бұл түр, яғни сентенция, әдетте, шығарманың соңын немесе шырқау шегін ұштай түсу үшін антикалық, қайта өрлеу және классицизм әдебиетінде кеңінен белгілі болған.

Афоризм қаламгердің өз басынан өткерген, алайда дәлелдеуді қажет етпейтін шындықты рухани қорытып шығаруы нәтижесінде пайда болады. Афоризм, әдетте, көп мағыналы болып, өмір қайшылықтарының өткіншілігіне негізделеді.

Афоризмнің ықшамдылық, жинақылық, тосындық, қанаттылық сияқты негізгі, басты белгілерімен қатар маңызды бір ерекшелігі, яғни авторы бар. Ал афоризмнің қысқалығы, ықшамдығы туралы критерийдің субъективті сипаты басым болғанмен, зерттеушілер де, авторлар да мейлінше қысқа афоризмнің бейнелілігі де, әсерлілігі де айқын болатынын атап көрсетеді: «Правильная дозировка афоризма: минимум слов, максимум смысла» [6:563].

Сентенция мен афоризмнің басты ортақ белгісі – авторы барлығы. Осынысы оларды өзара әрі ұқсатады, әрі ерекшелейді, себебі сентенция көлемді жанр туындысын жазу үдерісінде түрлі фактілерді қорытып, дәлелдеу, оқиғаларды байланыстыру үшін немесе сол автор ойына серпін берер «баспалдақ» ретінде контексте туса, афоризм – жеке, қысқа жанр туындысы, яғни белгілі бір жүйемен, арнайы ойлану, екшеу, сөз үнемдеу әрекеттеріне ұшырайтын ерекше формалы – ықшам, өткір, бейнелі – біртұтас, бөлшектеуге көнбейтін туынды (мәтін).

Жалпы, сентенциялар көркем әдебиетте, белгілі контексте кездеседі, сондықтан да сентенциялар микро-макромәтін деңгейінде әр түрлі стильдік қызмет атқарады. Оларды сан алуан тақырыптық-семантикалық топтарға бөлуге болады.

Сентенция баяндау желісінен шашау шықпай, сөз болып отырған оқиғаның мәнін дәл, ықшам да толымды ашып көрсетумен бірге, ерекше бір серпінді қасиетімен де ерекшеленеді, яғни адам санасы баяндалып отырған ойдың мән-маңызын қабылдауда талдау, салыстыру, жалпылау тәсілдерін ұштастырып отырады.

Кез-келген сентенцияда сөйлемнің құрылымына қарамай, интонация үлкен роль атқарады, яғни интонация айтылар ойдың қуатын ұлғайтады, әсерін күшейтеді: **«Жасында көргені жоқтың / өскенде айтары да жоқ»** (Ғ.Мұстафин). Мысалға келтірілген сентенцияларда тұлғалық, мағыналық, дыбыстық үйлесім сияқты тілдік факторлардың жымдасып, кірігіп келуі олардың мағына тұтастығын, тиянақтылығын туғызады, оларды

сол күйінде, еш өзгеріссіз, даяр қолдануға жағдай жасайды, яғни қолданыста орнығып, адамның тілдік жадында сақталып, қажеттілік туған кезде қайта қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен, сентенция туралы ойымызды жинақтай айтсақ, оның мынадай ерекшеліктері бар:

а) сентенция – белгілі бір автор шығармашылығында ұшырасатын, жеке фактіден шығарылған жалпыға ортақ қорытындысы бар, философиялық ойға құрылған, терең мазмұнды ықшам тұжырым;

ә) сентенцияны екі жақты – контекспен байланысты және контекстен тыс – қарастыруға болады; бұл тура және ауыспалы мағынада қолданылады; ауыспалы мағынасының басымдығы оны мақал ретінде де жұмсауға мүмкіндік береді және бұл ерекшелігі оның қолданылу аясын да кеңейте түседі;

б) сентенция бойындағы коннотативті белгі екі жақты: біріншіден, автордың өз көзқарасын көрсетеді, екіншіден, оқырманның сентенцияны қабылдау – қабылдамауына байланысты оның да ой-өрісін, ұстанатын моральдық – этикалық принциптерін аңғаруға мүмкіндік береді;

в) сентенцияның мағына тұтастығы, бүтіндігі бұзылмайды, яғни қанатты сөздердей немесе прецедентті атаулардай сөйлем ішінде келіп, сөйлем мүшесі ретінде қолданыла алмайды;

г) сентенция ықшам, көркем, әсерлі болғандықтан, оның эстетикалық әсер-қуаты мол болады;

ғ) сентенция бойында айшықтаудың бірнеше түрі кездесуі мүмкін, яғни сентенциялардың конструкциясы, мазмұны, дыбыс үндестігі, ырғақ – ұйқасы әдемі жарасым тауып тұрады;

д) адам баласы болмысының әр алуан қырын қамтитындықтан, сентенциялардың мазмұны да сан қилы болады;

е) сентенциялар оқырман ойында тез, кейде тіпті еріксіз сақталып, жатталып қалуға бейім келеді, яғни сентенциялардың жалпылаушы сипаты, контекстен тыс тұруға бейімділігі, белгілі ситуация-жағдайларда жұмсауға қолайлылығы, ондағы соны, тың образдың ұтымды синтаксистік конструкциямен жымдаса келуі осы мақсатқа бағытталады.

ж) айтылар ойдың философиялық сипатына байланысты сентенциялардың лексикалық құрамы көбіне абстракт ұғым атаулары мен шақтық шексіздікті (вневременность немесе квантор всеобщности) білдіретін грамматикалық формалы сөздерден тұрады, яғни сентенция әр уақытта - өткенде де, қазірде де, болашақта да - өз әсер-қуатын, адам санасына тигізер ықпалын сақтап, өз мәнін жоймайды.

Бұл айтылған пікірлер көркем әдебиеттен алынған фрагменттерге қатысты болғанмен, А.Байтұрсынұлының нақыл сөздері де осындай белгілерге ие екені байқалады. Олардың барлығы да ұлт қайраткерінің белгілі бір еңбегінен алынғанын әрі оларды қандай да бір зерттеуші немесе қарапайым оқырман өзінің лингво-мәдени күзіретіне, этикалық ұстанымдарына сәйкес нақыл деп атағанын ескерсек, А.Байтұрсынұлының нақыл сөздерін сентенциялар қатарына жатқызуға болады, ал олардың нақты тілдік белгілері (лексика-грамматикалық, синтаксистік, ой тиянақтылығы, бейнелілігі, әсерлілігі) әлі де болса нақтылауды, сипаттауды қажет етеді деген ойдамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің ұлттық корпусы / <https://qazcorpus.kz/>
2. Иванов Е.Е. Афоризм как объект лингвистики: основные признаки // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2020. Т. 11. no 4. С. 659—706.
3. Абласанова М.Д. К вопросу о традиционных параметрах лингвистической сущности афоризма // Вестник КазНУ. Серия филологическая. № 3 (143). 2013. С. 182-188.

4. Литературный энциклопедический словарь. – М., Русский язык, 1987.
5. Большая советская энциклопедия. – М., Сов. энцикл., 1970-1978. – I-XX т.
6. Твен Марк. Ибранные произведения. – М.: Государственное издательство иностранной литературы, 1983. – 270 с.

АХАҢНЫҢ АСЫЛ ӘНДЕРІ-АЙ

*Муханмедина Л.Т.
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,
№ 66 мектеп-лицейі
Қарағанды қ., Қазақстан*

Сауаты, саңылауы жоқ қазақтың надан халқын қалың жау еңсесін басып, қара бұлт қаптап, түнше түнеріп тұрғанда, кеудесінің бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай өрге сүйреген сүйікті ұстазымыз, қажымайтын қаһарманымыз- Ахмет Байтұрсынұлы. Бірінші рет басталған, бұрын ешкім ескермеген жұмыстың барлық ауыртпалығы Ахаңның басына түсті. Ойға- қырға бірдей қуылды, түрмеге түсті. Қуғын-сүргінде жүрген кездерінде қолынан қаламын тастамаған. Маңайындағыларды өлең қуатымен жылытып, рухтандырып отырған. Бірақ Ахаңның қайраты тасымаса, қайтпады, ақылы аспаса, саспады. Өзінің тізесін, түрменің терезесін үстел қылып, Ахаң қаламын тартпай жазумен болды [1,112б].

Көпшілік бұқараны оятудың барлық амал- тәсілін қолданып байқаған Ахаңдар қалың қазақ арасында ең өтімді үгіт құралы- өлең сөз екенін аңдады. Сол бір жылдарда ел ішінде айтылар ойдың түпқазығы “Оян, қазақ!” деген бір-ақ сөзге тірелген ұран өлеңдер көп тарап еді. Солардың алғашқы қарлығашы- Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері, оның “Қырық мысал” кітабы болатын.

“Қырық мысалды” оқи отырып, таныс сюжеттерге ұшырасқанда, олардың И. А. Крыловтан аударылды дегеніне қол қойсаң да, таза қазақы түсінік, ұлттық ұғыммен түйінделген ғибрат бөліміне келгенде ойналып-ақ қаласың.

А. Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады...

“Ахмет- Абайдан кейінгі саяси- әлеуметтік тақырыпты жалау еткен көрнекті ақын” дегенде, осы “Қырық мысал” мен кейінірек дүниеге келген “Маса” жыр кітаптары тіл ұшына оралып еді. “Аққу, шортан һәм шаян”, “Ат пен есек”, “Егіннің бастары”, “Қасқыр мен тырна” т.с. с. мысалдарының қай- қайсысын алмаңыз, қарапайым тіл, көркем ой-түйінмен замана суретін салады, ел-жұртының теріс мінез- құлқын бетіне басады. Ең жеңіл мысал жанрын таңдап алып, мысқыл отын қыздыра түседі., теріс қылықтардың бәрін аямай қамшылайды. [2,289б].

Ахмет көрген ел әлі ұйқыдан оянып болмаған, ынтымағы жоқ алауыз, сөз тыңдауға салғырт, берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан Ахаң өлеңін “Маса” етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға тырысты. Атақты “Маса” жинағы осылай туды.

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,

Сап-сары аяқтары ұзын маса:
Өзіне біткен түсі өзгерілмес
Дегенмен қара, яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?!